



БҰЙРЫҚ
№ 01. 2019

Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 11

город Астана

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың
2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру,
сондай-ақ қазақ тілі әліпбиін латын
графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру
жөніндегі 2019 жылға арналған
іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі № 372 Жарлығымен бекітілген Жауапты хатшы өкілеттіктерінің 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 401 қаулысының 2-тармағын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 27 өкімімен бекітілген Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 22-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, сондай-ақ қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің, комитеттері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары Іс-шаралар жоспарының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Ішкі әкімшілендіру департаменті:

1) жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне Іс-шаралар жоспарының іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін;